

Университеттің Ғылыми
кеңесінде қаралды
Хаттама № 15

«30» 05 2019 ж.

БЕКІТЕМІН

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық университеті» АҚ
Басқарма төрағасы

А.Қ. Күрішбаев

«06» 06 2019 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Аграрлық менеджмент»

Білім саласының коды мен классификациясы: 7М04 Бизнес, басқару және құқық

Даярлау бағытының коды мен классификациясы: 7М041 Бизнес және басқару

Халықаралық білім стандартындағы коды мен классификациясы: 0410

Квалификациясы: 7М041- Аграрлық менеджмент білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдарының магистры

Оқу мерзімі: 2 (ғылыми-педагогикалық)

Нұр-Сұлтан 2019

Авторлар ұжымы:

1. Нукешева А.Ж. – э.ғ.к., доцент, менеджмент кафедрасының меңгерушісі, С.Сейфуллин ат. ҚАТУ
2. Айтхожин С.К. – э.ғ.м., экономика факультеті деканы м.а., С.Сейфуллин ат. ҚАТУ
3. Койтанова А.Ж. – э.ғ.к., факультеттің ӘК төрайымы, С.Сейфуллин ат. ҚАТУ
4. Женсхан Д. - э.ғ.к., менеджмент кафедрасының қауымд. профессоры м.а., С.Сейфуллин ат. ҚАТУ
5. Булхайрова Ж. С. - PhD, менеджмент кафедрасының аға оқытушысы, С.Сейфуллин ат. ҚАТУ
6. Мукалиева М. Н. – э.ғ.м., менеджмент кафедрасының ассистенті, С.Сейфуллин ат. ҚАТУ
7. Смагулов А.С. – PhD, «АКМОЛ HOLDING» компаниялар тобы АҚ Басқарма төрағасы

Авторлық ұжым «С.Сейфуллин ат. ҚАТУ» бұйрықпен бекітілген:
№ 932-Н 12.12.2018; № 962-Н 28.12.2018 және № 964-Н 28.12.2018

7М041 "Аграрлық менеджмент" білім беру бағдарламасы

Менеджмент кафедрасының отрысында қарастырылған
хаттама №9 «9» қаңтар 2019 ж.
факультет Кеңесімен мақұлданды
хаттама № 8 «19» сәуір 2019 ж.

Мазмұны

№	Компонент атаулары	Бет
1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	4
2.	Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	4
3.	Түлектің құзыреттілік (портреті) моделі	5
4.	Кәсіптік тәжірибеден өту орындары	6
5.	Білім беру бағдарлама құрылымы	7

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты

«Аграрлық менеджменті» бағдарламасы бойынша оқытудың мақсаты ауылшаруашылық саласындағы көптеген міндеттерді өз бетінше және жауапкершілікпен орындауға қабілетті және ауылшаруашылық кәсіпорындарын басқаруға және кеңестер алуға дайын, өзінің теориялық және практикалық білімі бойынша білікті мамандандырылған ауылшаруашылық менеджменті үшін магистрлерді даярлау болып табылады. Ауылшаруашылық зерттеулерінде, агроөнеркәсіптік басқару компаниялары мен сервистік компанияларда, сонымен қатар ғылыми зерттеулерде осы білім саласында жаңа білімдер ұсынады. Даярлаудың барлық кезеңдерінде магистранттардың өзіндік іздену және зерттеу жұмыстарына алғышарттар жасау және менеджмент саласындағы жеке және кәсіби қызметтегі жетістіктерді ескере отырып олардың білім беру жолдарын құру мүмкіндігі.

2 Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

«Аграрлық менеджменті» білім беру бағдарламасы 2021 жылдың қыркүйегіне дейін ACQUIN аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институтының халықаралық комиссиясымен аккредиттелген және қолданбалы ғылымдар университетімен Вайнштефан-Триездорфтың бірлескен қос дипломдық бағдарламасы болып табылады (Германия).

Бағдарлама тәжірибелік бағдармен және магистранттардың өзіндік жұмыстарының жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Ол көп жылдық тәжірибесі бар оқытушылармен, ауылшаруашылық тауар өндірушілерімен бірге жасалынған және Германия мен Қазақстандағы ауылшаруашылық білімнің мықты жақтарына бағытталған. Оқу процесінде қазіргі заманғы кәсіби талаптарға сай әртараптандырылған білікті түлектерді алу үшін басты назар интерактивті формаларға (семинарлар, презентациялар, практикалар) және практикалық мазмұнға (нақты зерттеулер) аударылады. Студенттің тәуелсіз мамандандырылған дайындығы таңдауға болатын пәндердің кең таңдауын қамтамасыз етеді.

Бағдарлама агроөнеркәсіптік кешенде тиімді және тұрақты өндіріс жүйесін дамытуға, сондай-ақ аграрлық аймақтарды дамытуға ықпал ететін білікті, бәсекеге қабілетті мамандар мен менеджерлерді дайындауға бағытталған.

Магистрлерді даярлаудың білім беру бағдарламасын іске асыруға келесі адамдар қатысады: қолданбалы ғылымдар университетінің оқытушылары мен профессорлары - Вайхенстефан - Триездорф (Германия); белгілі ғалымдар - аграршылар; басқару жұмысында үлкен тәжірибесі бар басқарушы практиктер (менеджерлер, директорлар, бөлімдер мен департаменттердің басшылары).

3 Түлектің біліктілік моделі (портреті)

3.1 Кәсіби қызмет саласы:

- әкімшілік аппараттың әртүрлі қызметтерінде орындаушылар немесе менеджерлер ретінде кез-келген заңды нысандағы ұйымдар (коммерциялық, коммерциялық емес, мемлекеттік);
- түлектердің жеке бизнесін құратын және дамытатын кәсіпкерлер болып табылатын құрылымдар;
- басқару проблемаларына байланысты ғылыми-зерттеу ұйымдары;
- жоғары және үздіксіз білім беру мекемелері.

3.2 Кәсіби қызмет түрлері:

- ұйымдастырушылық және басқарушылық: ұйымдарды, бөлімшелерді, қызметкерлер топтарын (командаларын), жобаларды басқару; ұйымдар мен олардың жеке бөлімшелерінің даму стратегияларын әзірлеу;
- аналитикалық: басқару шешімдерін дайындау және қабылдау үшін ақпаратты іздеу, талдау және бағалау; басқаруды ұйымдастырудың қолданыстағы нысандарын талдау; оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу және негіздеу; басқару процестерін талдау және модельдеу;
- зерттеу: сәйкес ғылыми проблемаларды анықтау және тұжырымдау; ғылыми-зерттеу бағдарламаларын әзірлеу, олардың орындалуын ұйымдастыру; зерттеу және олардың нәтижелерін талдау әдістері мен құралдарын жасау; процестердің, құбылыстар мен объектілердің ұйымдастырушылық-басқарушылық модельдерін жасау, нәтижелерді бағалау және түсіндіру; зерттеу тақырыбы бойынша ақпаратты іздеу, жинау, өңдеу, талдау және жүйелеу; шолулар, есептер және ғылыми жарияланымдар дайындау;
- педагогикалық: басқару пәндерін оқыту; оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу.

3.3 Базалық құзыреттер: зерттеудің жаңа әдістерін өз бетінше игеруге, кәсіби және педагогикалық қызметтің ғылыми және ғылыми-педагогикалық профилін өзгертуге ықпал етеді.

- таңдалған мамандық бойынша түпнұсқа әдебиеттерді еркін оқып, аударып, алынған ақпаратты талдау, түсіндіру және бағалау; кәсіби пікірталастарға қатысу;
- практикада ғылыми-зерттеу, ғылыми және салалық жұмысты ұйымдастыру, топтық басқару дағдыларын қолдану;
- аймақтың салалары үшін жұмысшыларды (мамандарды) даярлау процесіне көзқарастарды талдау;
- кәсіби педагогикалық қызмет саласындағы зерттеу міндеттерін тұжырымдау және оларды заманауи технологиялар көмегімен шешу және отандық және шетелдік тәжірибені қолдану.

3.4 Кәсіби құзыреттер:

- өндірісті және басқаруды дамытудың негізгі бағыттарын материалдық жоспарлау саласындағы инновацияларды енгізу;
- басқарудың мақсаттары мен міндеттерін, олардың тиімділігін анықтау;
- өндірістік объектінің құрылымын және басқару құрылымын қалыптастыру;

- өндірістік аппаратураның оңтайлы құрылысы;
- инженерлік және өндірістік технологияларды жетілдіру;
- қызметкерлерді ынталандыру, олардың жұмысын жандандыру;
- басқару қызметінің барлық аспектілерін үйлестіру және бақылау.

4 Кәсіби тәжірибеден өту базалары

Педагогикалық практика оқу курсы дамьтуда магистрлік шеберлікті дамыту, семинарлар мен практикалық сабақтарды өз бетінше өткізу, сонымен қатар ұйымдастыру және тәрбие жұмысында тәжірибе жинау мақсатында ұйымдастырылған. Магистранттардың педагогикалық практикасы жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Педагогикалық практика оқу курсы дамьтуда шеберлік дағдыларын дамыту, семинарлар мен практикалық сабақтарды өз бетінше өткізу, сонымен қатар ұйымдастыру және тәрбие жұмысында тәжірибе жинау мақсатында ұйымдастырылған.

Зерттеу практикасы - магистранттардың ғылыми-педагогикалық және ғылыми қызметке кәсіби дайындығы нысаны, бұл зерттеу жұмысының таңдалған тақырыбы аясында зерттеу жүргізуге байланысты магистранттардың практикалық іс-әрекетінің түрі. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының объектілері болып экономикалық, өндірістік және әлеуметтік саладағы әртүрлі ұйымдар, мемлекеттік кәсіпорындарды басқару жүйесінің бөлімшелері, акционерлік қоғамдар мен жеке фирмалар, сонымен қатар жоғары оқу орындары табылады. Бұл ғылыми-өндірістік бірлестіктерге, ғылыми, жобалық және инжинирингтік ұйымдарға, мемлекеттік органдарға және ұлттық экономиканың әлеуметтік инфрақұрылымына да қатысты. Университет кәсіпорындармен магистранттардың тағылымдамадан өтуі туралы шарттар жасасты.

Педагогикалық практикада «Аграрлық менеджменті» білім беру бағдарламасының магистранттары үшін практиканың негізгі негіздері болып С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ, ғылыми-зерттеу институттары мен агроөнеркәсіптік кешеннің экономикалық ғылыми-зерттеу институты және РСТ ЖШС, Қазақ ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу ғылыми-зерттеу институты, «ҚазАгро» ҰБХ»АҚ еншілес ұйымдары, «Даму» қоры, холдингтер, «Родина» агрофирмасы, «Новокубанское» ЖШС, бірлескен кәсіпорындар және басқалар.

5 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы

№ п/п	Пәндер мен қызмет циклдерінің атауы	Жалпы сыйымдылық	
		Академиялық сағаттар	Академиялық кредиттер
1	2	3	4
1.	Теориялық бөлім	1920	64
1.1	Базалық пәндер циклі (БП)	1050	35
1)	ЖОО компоненті (ЖК):	600	20
	Соның ішінде:		
	Ғылым тарихы және философиясы	150	5
	Шетел тілі (кәсіби)	150	5
	Жоғары мектеп педагогикасы	30	1
	Басқару психологиясы	150	5
	Педагогикалық практика	120	4
2)	Таңдау компоненті (ТК)	450	15
	Өсімдік шаруашылығы бойынша семинар	60	2
	Мал шаруашылығы бойынша семинар	60	2
	Аграрлық техника бойынша семинар	60	2
	Басқарудың кооперативті формалары / Өнім сапасын басқару	150	5
	Кәсіпорынды дамыту қағидасы/Стратегиялық менеджмент	120	4
1.2	Кәсіби пәндер циклі (КП)	1500	50
1)	ЖОО компоненті (ЖК)	1350	45
	Бизнес менеджмент	150	5
	Өндіріс экономикасы бойынша семинар	150	5
	Кәсіпорынды басқару	150	5
	Кәсіпорынға кіріспе және контроллинг	120	4
	Экономикалық информатика және эмпирикалық әлеуметтік зерттеулер	150	5
	Жобаларды жоспарлау және бағалау	150	5
	Аграрлық саясат бойынша семинар	150	5

	Халықаралық аграрлық маркетинг стратегиялары	150	5
2)	Таңдау компоненті (ТК)	150	5
	Менеджмент-консалтинг/Агротехникалық консалтинг	150	5
3)	Зерттеу тәжірибесі	150	5
2	Ғылыми зерттеу жұмысы	720	24
1)	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	720	24
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестация (ҚА)	360	12
1)	Магистрлік жұмысты рәсімдеу және қорғау	360	12
	Барлығы	3600	120